

Ш.Қ. «Ерсұлтан» жеке «Балбөбек» бөбекжай балабақшасы.

Тақырыбы: «Жаңа жыл»

Өткізгендер: Д.А. Тлесова

А.Ш. Ихсанова

2025 жыл

*(Балалар музыкамен кіреді)*

**Жүргізуші:** Балалар, жаңа жыл мерекелеріңізбен құттықтаймыз. Баршаңызға денсаулық, өмірлеріңізге шаттық тілейміз. Жаңа жылдық ертеңгілігімізді әсем әнмен бастауға рұқсат етіңіздер.

**Ән «Жаңа жыл»**

**Жүргізуші:** Мінеки балалар, табалдырығымызды сиыр жылы аттағалы отыр. Жаңа жылдан бәріміз көп қуаныш, жақсылық күтеміз. Ендеше, жаңа жылымыз жыланды қарсы алайық.

*(Музыкамен жылан келеді)*

**Жүргізуші:**

Жаңа жыл да келді міне!  
Кен байтақ менің жеріме.  
Шаттыққа бөлеп әр үйді,  
Шыға ғой менің төріме.

**Жылан:**

Мен келген жаңа жылмын  
Жаңа бақыт, жаңа нұрмын  
Сендерді мерекемен  
Құттықтауға келіп тұрмын.

**Жүргізуші:** Қош келдің жаңа жыл! Төрімізден орын ал. Енді жыл бойы біз сенімен бірге боламыз. Мінеки, жасыл шаршамыз ортамызда жайнап тұр. Біздің де арамызда кішкентай бүлдіршіндеріміз бар. Олай болса, солардың әнін қабыл ал!

**Ән: «Шырша»**

*(Жылан шошып кетеді)*

**Жүргізуші:** Жаңа жыл сізге не болды? Соншама неге шошып кеттіңіз?

**Жылан:** Мына үйшіктен бір дауыс естіледі. Тындандаршы.

**Жүргізуші:** Иә, расымен де біреу қорылдап жатқан сияқты. Бұл өзі кімнің үйі болды екен ә? Кірген-шыққан із көрінбейді.

**Жылан:** Онда жақынырақ барып көрейік, бұл үйде кім тұрады екен?

*(екеуі тыңдайды, қорылдаған дыбыс естіледі, олар есікті қағады)*

*(Үйшіктен ұйқылы-аяу аю шығады)*

**Жылан:** Ее, бұл аюдың үйі екен ғой.

**Аю:** Бұл не қылған тыпыр-тыпыр, не шу? Мені ұйқымнан ояттындар ғой.

**Жүргізуші:** Сені ұйқыннан оятып жіберсек ренжіме. Біз шырша тойын тойлатып отырмыз. Бізге жаңа жылымыз жылан да келді. Енді Аяз ата мен Акшақарды сағына күтіп отырмыз.

**Аю:** Жаңа жыл дейсіндер ме, жаңа жыл деген не? Аяз ата деген кім?

**Жылан:** Балалар, аю жаңа жылдың не екенін білмейді екен.

**Жүргізуші:** Әрине, ол қайдан білсін? Үнемі қыста тәтті ұйқыда жатады ғой.

**Жүргізуші:** Онда мен айтып түсіндірейін. Жаңа жылда балалар бір жасқа өседі, ал біз ортамызға сәнді шырша құрып оны безендіреміз. Осы шырша мерекесіне Аяз ата мен Акшақар келеді. Өнер көрсеткен балаларға сыйлық береді. Жаңа жыл деген осы Аюжан.

### **Айн**

Аяз ата тыңдаңыз  
Тақпақ айтып берейік  
Ортамызда шыршамыз  
Ойнап бірге күлейік.

### **Нурислам**

Бүгін біз көңілдіміз.  
Жаңа жылды қарсы алып  
Мерекеге келгендерді  
Құттықтаймыз ән салып.

### **Ислам**

Ән саламыз би билеп,  
Жырдан шашу төгілді  
Бүгін біздің жаңа жыл  
Қандай қызық көңілді.

### **Даяна**

Жүзімізде күлкі ойнап  
Қанаттанды жанымыз.  
Жаңа жылды біз тойлап  
Шаттанамыз бәріміз.

### **Рамазан**

Аяз ата жол салып,  
Ақ боранмен алысқан.  
Балаларға базарлық,  
Алып келді алыстан.

### **Лилия**

Жаңа жыл жаңа жыл  
Төгілсін жаңа нұр  
Сыйлығын сүйретіп  
Келді міне жаңа жыл

Жасыл желек жамылған  
Асыл моншак тағылған  
Міне сұлу шыршамыз,  
Көптен күткен сағынған.

**Ертегі «Санырауқұлақ»**

**Тақпақтар:**

**Асеп**

Әдемілеп біз ілген  
Ойыншықтар тізілген  
Қандай жақсы шыршамыз  
Ән шырайық баршамыз.

**Алдияр**

Жаңа жыл, жаңа жыл,  
Жаңа жылда жаңа жыр  
Жасыл шырша жанында  
Билеп барлық бала жүр.

**Муслим**

Тамаша тамаша  
Шыршамыз тұр жараса  
Басында әсем жұлдызы  
Көз тоймайды қараса.

**Ясина**

Дала нұр, қала нұр,  
Құтты болсын жаңа жыл  
Жасыл шырша жанында  
Билеп барлық бала жүр.

**Захир:**

Мол сыйлықпен келер ол  
Шыркатып ән салар ем  
Жылдамырақ келсе екен  
Бізге сыйлық берсе екен.

**Аяла:**

Қыстың күні көңілді  
Көп қызықты көреміз  
Шығып алып далаға  
Сырганақты тебеміз.

**Айла**

Аппақ тоңға оранып  
Базарлықты мол алып  
Келді алыс сапардан  
Аяз ата оралып.

**Аю:** Мен қысқы ұйқыда жатқанда сендер керемет мерекені тойлайды екенсіңдер ғой.

**Жүргізуші:** Аю Сен оған ренжіме. Аюлар қыстың ұзақ күндерін ұйқыда өткізеді емес пе, ақыры оянып кеткен екенсің, кел мерекені бірге тойлайық.

**Аю:** Мен әлі ұйқымды аша алмай тұрмын.

**Жүргізуші:** Кәне, балалар аюдың ұйқысын ашып онымен бәріміз бір билеп жіберейік.

**Би: «Чина»**

**Аю:** Ооо, міне енді ұйқым шайдай ашылды. Ал енді маған Аяз атаны көрсетіңдер, ол қайда өзі? Аяз ата деген өзі қандай болады?

**Жүргізуші:** Балалар, кәне бәріміз Аяз ата мен Ақшақарды ортаға шақырайық.

*(Аяз ата мен Ақшақар келеді)*

**Аязата:**

Балаларым, балғыным

Өмір гүлім шалғыным

Тілейтінім-жыл бойы

Сендердің денсаулығың!

Жаңа жылдарың құтты болсын, қарақтарым. Асу-асу бел асып, асқар-тау асып, өздеріңе әрең жеттім-ау!

**Жүргізуші:** Қош келдіңіздер, Аяз ата, Ақшақар! Біздің балалар сізге сағына күтіп отыр. Тіпті сізді көрсем деп Аю да ұйқысынан оянып кетіп отыр. Салтанатты шыршамыз да ортамызда жайнап тұр.

**Ақшақар:** Ой, балалар, сендердің шыршаларыңның шамы жанбап кәне шыршамыздың шамын жағайық. Ол үшін бәріміз сикырлы сөз айтайық.

1-2-3, шырша шамы жана түс! *(Бәрі айтады)*

**Аязата:** Мінеки шыршамыздың шамы жанып, көңілі көтерілді.

**Жүргізуші:** Ендеше, әсем шыршамызға арнап ән шырқайық.

**Ән «Шыршаға бардық»**

**Жүргізуші:** Аяз ата! Сіз алыс жолдан шаршаған боларсыз, сәл жайғасып отырыңыз.

Олай болса балалардың өнерлеріне кезек берейік. Балдәурен е балалары.

**Ертегі: «Түлкімен Қоян»**

**Түлкі:**

**Қоян:**

**Күшіктер:**

**Аю:**

**Тауық:**

Балалардың жаңа жылдық тақпақтарын қабыл алыңыз!

**Аю:** Жаңа жыл деген керемет мереке екен ғой. Балалардың өнерін көріп өте риза болдым. Мен де өзімнің кішкентай достарыммен бірге ән айтып берейін.

**Ән:** Жаңа жыл

**Аю:** Ой, билеймін деп шаршап қалдым. Рұқсат болса мен кетейін. Әйтпесе, ұйқым кеп барады (есінейді) Жылы үйіме барып ұйқымды жалғастырайын.

**Аязата:** Олай болса, менің сыйлығымды қабыл ал. (сыйлық береді)

**Аю:** Рахмет Аяз ата. Сау болыңдар, балалар!

**Аязата:** Ал балалар, маған көрсетер тағы қандай өнерлерің бар?

**Жүргізуші:** Сізге арнап тақпақтар айтып берсін..

**Аязата:** Қандай өнерлі балалар өздері.

**Жүргізуші:** Аязата, біз сізді бір жыл бойы сағына күттік. Сізбен ойын ойнасақ бола ма?

**Ойын:**

**Жүргізуші:** Аяз ата, балалар сізбен қосылып ән шырқамақшы. Қарсы емес пе?

**Аязата:** Әрине, қарсы емеспін.

**Ән**

**Жүргізуші:** Балалар, Аяз атамызға тамаша би билеп беріп, атамыздың сыйлығын алайық.

**Би:**

**Аяз ата:** Өркендерің өссін, қарақтарым! Енді менің өздеріңе әкелген сыйлығымды қабыл алыңдар

(Сыйлықтар таратылады)

**Аяз ата:**

Жыл айналып келгенше,

Өздеріңді көргенше,

Қош аман сау болыңдар!

Бүлдіршіндер, балалар!

**Жүргізуші:** Сау болыңыз, Аяз ата, Ақшақар. (Екеуі кетеді)

**Жүргізуші:** Жаңа жыл баршанызға құтты болсын дей отырып,

ертеңгілігімізді аяқтаймыз. Келесі жылы кездескенше сау болыңыздар